



## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА - 50 ЖЫЛ



Маңғыстау облыстық сотының құрылғанына биыл елу жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде бұл бірлігі бекем ұжым өз жұмысын жүйелеп, талай үздік іс, жоғары көрсеткішімен өзге аймақтардағы әріптестеріне үлгі бола білді. Маңғыстаудың төрелік алаңында тәлім алып, тәжірибесін шыңдаған қаншама жан бүгінде отандық сот пен еліміздің заң, құқық саласында жемісті еңбек етуде. Қазақы құндылықтарды дәріптеп, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде де маңғыстаулық судьялар көш басында келеді. Жарты ғасырлық осы үлгілі істері алдағы уақытта да жалғасын таба берсін деп тілейміз! Мерейтой құтты болсын! Республикалық «Заң газетінің» бүгінгі нөмері берекелі ұжымға арналады.



Асламбек МЕРФАЛИЕВ,  
ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы:

### БҮГІНГІ БУЫН АҒА ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫН ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛЕДІ

Құрметті әріптестер!  
Сіздерді Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Киелі Маңғыстау өңірінде сот жүйесінің құрылып, қалыптасуының өзіндік бай тарихы бар. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1973 жылғы 23 наурыздағы Жарлығына сәйкес, қазіргі Маңғыстау облыстық соты құрылды. Соттың алғашқы құрамында Қ.Мамбетов, В.Рудяков, Ш.Нәжмедінов, Б.Көшекбаев, Н.Қарабасова, Т.Шибаквалар болды. Әр жылдары Маңғыстау облыстық сотының төрағалары болып Қ.Мамбетов, Н.Чиняев, М.Смағұлов, С.Абдуллаев, Д.Әміров, Ж.Аланов және Е.Дәулиев абыройлы қызмет атқарды.

Маңғыстаулықтар облыстық сотта еңбек етіп, кейін Жоғарғы Соттың судьялары болған Н.Суханова, Т.Берқалиева, Ф.Мақажанова, Н.Жолдасбаеваның, отставкадағы судьялар М.Нұрбеков, Г.Стикулова, Д.Жүсіпова, М.Смағұлов, М.Сабырбаев, Н.Чиняевтың есімдері мен еселі еңбектерін жақсы біледі, әрдайым құрмет тұтады.

Бүгінгі буын аға ұрпақтың өнегелі жолын лайықты жалғастыра отырып, сот төрелігін әділдікпен атқаруда. Алдағы уақытта да Жоғарғы Сот жүргізіп жатқан іргелі реформаларды сәтті жүзеге асыруға сүбелі үлестерін қосады деп сенеміз.

Барлығыңызды облыстық соттың 50 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, талайым табыс, отбастарыңызға амандық пен бақыт тілеймін!

### ТАҒЫМ



Нұрсерік ШӘРІПОВ,  
Жоғарғы Соттың  
азаматтық істер жөніндегі  
сот алқасының төрағасы:

### ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛАЙЫҢ, МАҢҒЫСТАУ!

Қазақ даласының қай қиыры болсын қастерлі, қай өңірі болсын қасиетті. Сондықтан да болар, туған жерін жырға қоспаған ақын, әуенге қосып шырқамаған әнші, картинаға кескіндемеген суретші жоқ шығар-ау, сірә! Мен үшін

сондай киелі өңірдің бірі – Маңғыстау.

Адам тағдырдың жазуымен қайда бармаған дейсіз?! Студент кездің сыры бір бөлек те, қызмет бабымен көшіп-қонып жүру, тағдыр айдаған жерге бару – бір бөлек, өміріндегі ерекше бір әсерлі сәттер екені даусыз. Біздер, судьялар, еліміздің кез келген өңіріне қызмет бабымен ауысып барып, сол жердің дәмін татып, сол жердің ауасын жұтып, сот төрелігін заң шеңберінде жүзеге асыруға бар біліміміз бен тәжірибемізді, күш-жігерімізді аянбай жұмсап жататын тағдырлы мамандармыз.

Мен 2008 жылы Маңғыстау облысына жұмыс ауыстырдым. Заңгерлік мамандығыма сай, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы болып жаңа лауазымға бел шешіп, білек сыбана кірістім. «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп» деген сөз бар халқымызда. Өзіміз кей-кейде аңғара бермейтін көп нәрсені көңілге тоқып, көп мәселені жергілікті жұртпен кеңесе шешіп, алдымызға қойылған жауапты міндетті абыроймен атқаруға алғашқы күндерден ден қойдық.

Алдымыздағы мықты тұлғалардың жүріп өткен өнегелі жолын саралап, тәжірибелі әрі беделді әріптестерімізбен қоян-қолтық жұмыс істедік. Одан кейін 2010 жылдың ақпан айынан Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы болып, еңбек жолым жалғастырдым. Ол уақытта облыстық соттың төрағасы болып Сәкен Абдолла, кейіннен Досжан Әмір қызмет атқарды. Облыстық соттың беделін көтеруде, халықпен етене араласа жүріп, заң үстемдігін жүзеге асыруда бірлесе еңбек еттік.

Өмір бір орнында тұрмайды. Кеше ғана Маңғыстау өңірінің ауасын бірге жұтып, ортақ іске жұмыла кірісіп, ащы тердің кермек дәмін татып, ұжымда бірге жүрсек, бүгінгі күні үшеуміздің басымыз Жоғарғы Сотта қайтадан тоқайласты. Бұл да өзінше бір тағдыр.

Ойлап қарасам, сол еңбек ұжымында 2012 жылға дейін қайнаған еңбек ортасында жүріп, сом темірдей шынығып, алмас қылыштай шыңдалыппын. Артық айтқандық емес, киелі Маңғыстау өлкесінің құмы да, суы да, ауасы да, тіпті ер көңілді, ашық мінезді адамдары да маған ерекше әсер қалдырды, өмірімнің бір парағындай көңіл беттерінде мәңгілікке жазылып қалды. Кейде сол уақытты сағынышпен еске алатыным бар.

(Соңы 3-бетте)

### ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Бек ӘМЕТОВ,  
Маңғыстау облыстық сотының төрағасы:

### ОБЛЫСТЫҚ СОТ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

– «Елу жылда ел жаңа» дейді қазақ. Биыл Маңғыстау облыстық соты елуінші белегіне көтерілген екен. Тарихты түгендегенде алдымен не еске түседі?

– Әйгілі испан жазушысы Мигель де Сервантестің «Тарих – біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы» деген тағылымы терең сөзі бар. Осы биіктен алғанда Маңғыстау облыстық сотының тарихы туралы айтар естелігіміз көп, сабақ алар, бағдар болар істеріміз де баршылық. 1973 жылы ашылған сот елу жылдың ішінде жұмысын жүйелеген, арнасын кеңіткен, беделін нығайтқан құрылымға айналды. Осы жылдар ішінде неше буын ауысты. Сот саласында өзіндік орны бар талай тұлға біздің соттың жандануына, ілгерілеуіне өлшеусіз үлес қосты. Маңғыстау облыстық сотынан тәжірибесін шыңдап, шеберлігін арттырып қызметі жоғарылаған жастар қаншама! Мұның өзі біздің соттың тура төрелік алаңы ғана емес, судьялардың біліктілігін көтерудің, кәсіби қабілетін арттырудың үлкен мектебі болып келе жатқанының нақты дәлелі.

Алдымен тарихқа үңілсек, 1973 жылдың наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының республикада Маңғышлақ облысын құру туралы Жарлығы шығады. Осыған орай, әкімшілік аумақтық территория үшін маңызды бір құрылым ретінде 23



наурызда Маңғышлақ облыстық сотын құру жайында Жарлық жария етіледі.

Алғашқы қадамды жасау қашанда жауапты әрі қиын. Осыдан-ақ, жаңа құрылған соттың алғашқы құрамына қандай мәртебелі міндет жүктелгенін аңғару қиын емес. Енді іргесін қалаған жас ұжымның басында тұрған Мәмбетов Қуанышбай (төраға), Рудяков Василий (төраға орынбасары), Нәжмедінов Шынайбек (төраға жоғары бағалап, аттарын алтын әріппен жазуымыздың да сыры осында.

Жаңа құрылған соттың жабдығын түгендеп, жағдайын жасау да оңай шаруа емес. Сол тұста қызмет еткен әріптес аға-апаларымыз осындай сындарлы сәтте ешбір қиындыққа мойымай қызмет етті.

(Соңы 5-бетте)

### ТІЛЕК



Сәкен АБДОЛЛА,  
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,  
ҚР Судьялар одағының төрағасы:

### «БІРЛІГІ БЕКЕМ ҰЖЫМНЫҢ ІСІ БЕРЕКЕЛІ»

Киелі Маңғыстау өңіріне қызметке мен 2007 жылы келдім. Сол кезден бастап 2011 жылға дейін облыстық сотқа төрағалық еттім. Сот саласындағы еңбек жолымда бірнеше аймақтың дәмін татып, бірнеше сотқа төрағалық ету мүмкіндігі берілген еді. Соның ішінде пір Бекет бабамыздың қасиетті қонысы, 362 әулие мекендеген киелі Маңғыстаудың жөні бөлек. Бұл аймақ – қазақтың қаймағы бұзылмаған, ұлттың тілі мен дінінің, салт пен дәстүрінің ұясы болып отырған санаулы өңірдің бірі.

Маңғыстау соты дегенде жадымда жаңғыратын бірнеше ірі іс бар. Оның біріншісі – ТМД елдерінің Жоғарғы Сот төрағалары қатысатын іргелі басқосуды Ақтауда өткізген кезіміз. Бұл басқосу үнемі Астанада ұйымдастырылатын. Сол жолы мәртебелі шараны қарт Каспийдің жағасындағы Ақтауда өткізсек деген ұсынысымызды басшыларға айттық. Көршілес елдердің сот төрағалары Қазақстанның өзге де қалаларын көрсін, еліміздің өркендеп, дамып жатқанына көздерін жеткізсін деген тілегімізді әріптестер мақұлдады.

(Соңы 3-бетте)

# МАҢҒЫСТАУ МҰНАРАЛАРЫ АЛЫСТАН КӨЗ ТАРТАДЫ

Маңғыстау туралы ой толғағанда, еріксіз «киелі топырақ» деген теңеуді жиірек қолданамыз. Топырақтың қасиеті, ел мен жердің даралығы туралы айтқанда, осы бір сиқырлы сөз жадымызға оралары хақ.



Мұхтар Керімқұлұлы, Абдуллаев Сәкен Жүсіпақметұлы сияқты тәжірибелі судьялар басшылық етіп, облыстағы сот жүйесінің дамып, жетілуіне лайықты үлесін қосып, өзіндік қолтаңбасын қалдырып отырды. Олардың ізін басқан кейінгі буын Маңғыстау облыстық сотында еңбек жолын бастап, кейін Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстық соттарын басқарған, бүгінгі күні ҚР Жоғарғы Сотының алқа төрағасы Н.Шәріповті, бірнеше облыстық соттарды басқарған Жоғарғы Сот судьялары М.Бектұрғановты, Қ.Нұрышевты құрметпен атауға лайық деп танымыз. Бұлардың баршасы бірге өсіп, біте қайнасқан, сыралғы жандарға айналған, өзіме жақын жүрген, пікірлес, тілеулес азаматтар.

## Жаңаөзен оқиғалары – судьялар үшін ауыр сынақ

Бір атап өтерлігі, Маңғыстау облысында халықтың басым бөлігі негізінен мұнай өндірумен айналысатындықтан, жалпы көпшілікке жұмыс орындарының жетіспей жататыны жиі қозғалып жүретін мәселе. Сондай-ақ, жері құм-шағылды, қуаң әрі құрғақ болатындықтан, бау-бақша, жеміс өнімдерінің өсірілуіне мүмкіндігі төмен. Осыған орай бұл өнімдер өзге өңірлермен салыстырғанда анағұрлым қымбатырақ. Мұндай жағдайлардың халық наразылығына ұласып жатуы жиі кездеседі. Облыстың тарихында екі рет 1989 жылғы маусым мен 2011 жылғы желтоқсан айларында тарихта «Жаңаөзен оқиғалары» деген атпен қалған қанды қырғынның орын алуы нақ осындай әлеуметтік теңсіздіктер мен тұрмыстық жетіспеушіліктерден туындап, өрістегені анық. Соңғы оқиғаларға байланысты Жаңаөзен мен Шетпеде болған заң бұзушылықтар мен қылмыстық әрекеттердің орын алуына қатысты істерді біздің Ақтау қалалық соты қараған болатын. Бұл біз үшін үлкен жауапкершілік салмағын жүктеген ауыр сынақ болды. Өйткені, мұндағы орын алған атышулы оқиғалардан бүкіл әлем жұртшылығы құлақтанып, әсіресе, сот процестерінің қалай жүргізіліп жатқандығы журналистердің қатысуымен бақыланып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тез таралып, дүниежүзі елдері қадағалап отырды. Жаңаөзен оқиғасына байланысты сот процестері заң шеңберінде мейлінше ашық, жариялы түрде өткізілді. Оған ҚР Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, қоғамдық ұйым өкілдері, тәуелсіз құқық қорғаушылар, жергілікті ардагерлер қауымынан және 60-қа жуық журналист қатысып, еліміздің барлық ауыр болса, ұрыста жеңіл болады» демекші, аталмыш оқиғалардың курделілігіне байланысты, сот процестері де ауыр жүргізілгенімен, бұл бір, менің қызмет бабымда кездескен үлкен өмір сабағы, зор тағылымды үйрену мектебі болғандығын айрықша атап өткім келеді. Әлем назарын тіккен бұл оқиғалардың жариялы түрде өткізілуі – біздерге ауыр сынақ болғанымен, осындай адам дәртіріне жинақтап, ысыла түсері сөзсіз.

## Мықты мамандар мектебі

Ал 1988–1990 жылдар аралығында Маңғыстау Атырауға қосылғанда, Атырау облыстық сотын Қайрат Әбдіразақұлы Мәми басқарды. Ол кісінің сонда ауысып барған судьяларға барынша көмек жасап, қамқор болғанынан хабардармыз. Мұнан кейін, бай тәжірибе жинақтаған Қайрат Әбдіразақұлы ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы, ҚР БС прокуроры қызметтерін жемісті атқарды. Еліміздің саяси бағытында елеулі еңбегі орасан, халқымыздың көрнекті перзенттерінің бірі Қайрат Әбдіразақұлының мемлекетіміздің аса ірі, көрнекті қоғам қайраткеріне айналғанын маңғыстаулық сот қызметкерлері орынды мақтан тұтады. Қуанышбай Тәлімжанұлы мен Қайрат Әбдіразақұлы басқарып, абырой бестелеріне көтерген бұл ұжымнан кейінірек, үлкен лауазымды қызметтер атқарып, республикаға танылған айтулы азаматтар, ысылып, мол тәжірибе жинақтаған білікті заңгерлер өсіп шығып, еліміздің түкпір-түкпірінде бексенді, еселі еңбектерімен көзге түсті.

Олардың ішінде ҚазМУ-дің заң факультетін бітіргелі тұрғанда, әлі қолына диплом тимей тұрып, Маңғыстау аудандық сотына судьялыққа-төрағалыққа сайланған, өзінің білімділігімен, табанды да тұрашылдығымен әріптестерінің арасында зор беделге ие болған, өмірінің соңғы жылдарында Алматы қалалық сотында судьялық қызмет атқарған Қания Үсенқызы Хайруллинаның есімін ерекше құрметпен атап өтуді парызым деп санаймын. Сондай-ақ, бүкіл саналы ғұмырын Маңғыстау түбегінде өткізген, ұзақ жылдар сот саласында жемісті еңбек етіп, зейнеттік демалысқа шыққан өзін жақын жуық жүрген, сыйласқан асақалдарымыз Итемген Орынбаевты, Керек Қабақовты, қылмыстық істер алқасын басқарып, зейнеткерлікке шыққан ардагеріміз Сәрсен Қаулытайды, облыстық сотта абыройлы қызмет атқарған Қалия Ахмедоваларды кейінгі толқын жас судьяларымыз бен заңгерлер мамандарымыз үлгі-өнеге тұтмен өсіп келе жатыр.

Маңғыстау облыстық сотына Қ.Мәмбетовтен кейін, әр жылдарда Чиняев Нұрғожа Қыдырханұлы, Смағұлов



## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

1988 жылы мектеп бітіріп, Ақтау қалалық «заң» колледжіне сырттай оқуға тапсырып, прокуратураға курьер болып жұмысқа тұрдым.

Басты қызметіміз мемлекеттік органдарға прокуратура органдарынан шыққан құжаттарды апару болатын. Сондай мекеменің бірі осы қалалық сот, сотқа әдеттегідей хат апарып тұрғаныма хатшы қыз «сізді сот төрағасы шақырып жатыр», – деді. Ол кезде сот төрағасы Бодан Кошекбайұлы журналдағы хаттың мазмұнына қарап, «кім жазғанын және кімнің «қолтаңбасы» екенін сұрады. Оны өзім толтырғаныма айтқан соң қай мектепті бітіргенімді, қайда тұратынымды, болашақта қандай мамандық иесі болғым келетінін алып, болашақта заң органдарында жұмысқа тұрғым келетінін жеткіздім. Сол кезде төраға сотқа орыс мектебін бітірген адам керегін айтып, өздеріне ауысуымды сұрады. Ол кісінің айтқан әрбір сөзі сенімдімді арттырып, «заңгер боламын» деген арманымды нықтай түсті.

Содан арада бірнеше күн өткеннен кейін сотқа ауысып келетінін естіген прокурор Асылхайыр Байбулатов дұрыс таңдау жасағаныңды және ауысу тәртібімен жұмысты сотта жалғастыратынымды айтып сәттілік тілеп, шығарып салды.

Осылайша 1989 жылы 17 жасыма Форт-Шевченко қалалық халық сотының аға сот орындаушысы болып қызметке кірістім. Жұмысым заңды күшіне енген

сот актілерін орындауға қабылдап, атқарушылық іс қозғап, 2 ай мерзімде орындау болды. Өз жұмысыммен қатар, сотта хатшылық жұмысты атқардым. Ол кезде бәрі қағаз жүзінде, хаттаманы қолмен жазып, судьялар жазған сот актілерін жазу мәшешесіне арасына қара қағаз салып, бірнеше данасын басатынымыз. Жолдаған хаттар, шақыруларды тараптарға қолмен апарып тапсырып, том-томдап іс тігіп, тізім жасап, жұмыста уақыттың қалай өткенін білмей қалатынымыз.

1996 жылы мемлекеттік қызметші атанып, 2000 жылы сот орындаушысынан сотқа кеңсе меңгерушісі болып ауыстым. Сот саласында жұмыс жасау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жауапкершілік жүгін абыроймен атқарып келе жатқаныма биыл 34 жыл. Алғашқы ұстаздарым Кушекбаев Бодан, Кошев Бахтыбай, Есбағанбетов Шаншарбек, Тұпқараған аудандық сотының сол кездегі төрағалары Шаров Фағур, Кенжалиев Малик, Тұржанов Нұртуған. Бұл кісілердің берген тәлім-тәрбиесі өмірлік азық болды десем қателескенім емес. Соттың табалдырығын өзімнен кейін аттаған мамандар, шәкірттерім Айнагүл Өсербаева, Даурен Утебадиев, Жазира Мұхаметовалар судьялық қызмет атқарады.

Адам қай мамандықты болмасын жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өзі мамандығын шын сүйген адам ғана нәтижелі еңбек көрсете алады.

**Гүлмира НИЯЗБАЕВА,**  
Тұпқараған аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

## ПІКІР

# ҰЖЫМЫМ - ЕКІНШІ ОТБАСЫМ

Сот саласында қызмет ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сот төрелігін жүргізуде ел абыройын асқақтатып, азаматтардың заңды құқық қорғау, мемлекет мүддесін сақтап, әділдікті үнемі түетуде сот хатшысының да рөлі зор. Себебі, сот отырысы хатшысының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінгенімен, қаралатын кез келген істің өзіндік қиындығы, істі өндіріске дайындау сатысы болады. Сот отырысының ұйымдастырылуы, құжаттардың нақты, дәл жасалуы, сот хаттамасында барлық іс-әрекеттердің баяндалуы, тараптардың сот отырысына уақытылы қатысуы, актілерді тараптарға жолдау, тігу, кеңсеге өткізу, апелляциялық, кассациялық шағым түскен жағдайда жоғары тұрған сатыға жолдау хатшының тікелей міндеті. Сот отырысы хатшысының ұйымдастырған жұмысынан оның жауапкершілігі, сауаттылығы, адалдығы көрініп тұрады.

Мен еңбек жолымды 1994 жылы Маңғыстау аудандық сотында сот хатшысы болып бастадым. Сот саласында жүргеніме биыл 29 жыл. Осы аралықта аудандық соттың ғимараты екінші үйіме, ұжым – отбасыма айналды. 29 жылдың ішінде бірнеше сот төрағасы, судья, сот қызметкерлерімен қызметтес болдым. Оның ішінде, сот жүйесінің ардагерлері Итемген Орынбаев, Шаншарбек Есбағанбетов, Бақыт Көшов, Жасұлан Салиев, Гүлажар Бақытжанова, Серікқали Бердібеков бар. Мұның арасында өмірден өткен құрметпен әрі сағынышпен еске алатын судьялар да бар.

Осы орайда, Маңғыстау аудандық сотының жаңа ғимаратқа көшірілуінде сот жүйесінің арда-



гері, алғашқы ұстазым Итемген Орынбаевтың үлесі зор. 1994 жылы сот мекемесі ескі, аудандығы бірнеше мекеме орналасқан ғимаратта еді. Сол жылы Итемген ағамыздың бастамасымен құрылысы аяқсыз қалған сот ғимаратына жөндеу жұмысы жүргізіліп, 1995 жылдың қысында аудандық сот жаңа ғимаратқа көшірілді. Ал қазір жаңа технология, электронды іс құжаттар, байланыс құралдарымен қарқынды жұмыс жасауға мүмкіндік берілді. Мұндай жаңашылдықтар сот отырысы хатшысының жұмысын әлдеқайда жеңілдетті.

Сот барысында білікті заңгерді тұндау, іс материалдарын зерделеу, белгіленген мәселені дербес талдай отырып, одан қорытынды шығару, процестерді қадағалау үлкен тәжірибе берді. Дәл осы сала тарихы болып келгендіктен, аудандық соттың әр кірпіші ыстық, әр қызметкері жаныма жақын. Сондықтан, жарты ғасырлық тарихы бар Маңғыстау облыстық сотының тарихында менің де үлесім бар екені ерекше құантады.

**Дәмегүл ЕЛЕУОВА,**  
Маңғыстау аудандық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

Қызмет бабымен осы облысқа жолымның түскенін, мұнаралы хәм мұнайлы Маңғыстаудың нардай еңселі азаматтарымен тағдыр жазып, аралас-құралас болғанымды шексіз бақыт деп санаймын. Иә, қылаусыз әппақ ақ ниетіммен ағымнан жарыла айтатыным сол, жері қандай құдыретті болса, бұл өңірдің өзін таныған, осы күндерге дейін сыйластығымыз жарасқан қызметтестерім де кісілік қадір-қасиеттерімен заңға да еңселі болып көрінеді. Көңілімде иненің жасуындай алалық жоқ, мен үшін сол араласқан жандарымның бәрі бірдей, сұрыпталып, таңдап алынғандай әрқайсысының қадірі биік. Сондықтан болар, өзімнің туған өлкемдей болып кеткен осынау өңірді жиі сағынып, оралып, аңсап жетіп, мұндағы дос-жарандарыммен тезірек қауышуды үнемі іштей тілеп жүремін. Иә, Маңғыстау мұнаралары алыстан көз арбап, тартып тұрады.

Содан да болар, бұл елдегі болып жатқан әрбір жаңалық, өзгеріске құлақ тосып, елеңдеп отырамын, жай-барақат қала алмаймын. Мен сүйген, ықыласыммен беріліп қызмет еткен, жаным қалайтын Маңғыстау өңірінің облыстық сотына да елу жыл толып қалыпты. Әрине, бұл өңірге бауыр басқаным өз алдына, өмірімнің ең бір маңызды белестерін өткізген, үйренген, сабақ алған, менің тәжірибе мектебім – осы өлке болғаны сөзсіз. 2013 жылы осынау қастерлі өлкеде облыстық сотқа төрағалық ете жүріп, облыстық соттың қырық жылдық мерейтойын дүрілдетіп атап өткеніміз жадымыздан қайдан өшпін!

Қызмет бабы өз алдына, мені осынау өлкеңің бай тарихы да, 362 әулиелі Маңғыстау түбегінің көне сәулет үлгілері, өзгеше нақышталған кесенелер, сағана тамдар мен құлпытас ескерткіштері таңғажайып сонылығымен, қайталанбас өнер туындыларына айналуымен баурап, алғаш көргенде-ақ, сиқырлап, арбап алғандай сезініп едім. Әлі күнге дейін солай, көрген сайын толқымын, тебіренемін. Киелі жердің топырағына бауыр бастырған, азаматтарымен қылаусыз табыстырған да, ең алдымен, бұл аймақтың осы бір, дараланған, көзіме алғаш көргеннен оттай басылған өзгешеліктері болар деп топшылаймын.

Ал енді өзім қызмет атқарып, төрағалық еткен облыстық соттың тарихына келетін болсам, оны осы облыстың жалпы тарихына, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму тарихынан бөліп алып қарастыруға келмейді. Әуел баста Маңғыстаудың өз алдына облыс болып құрылуына 1961 жылы 5 маусымда Жетібай дөңінен мұнай атқылап, бұл аймақта «қара алтын» мен «көгілдір отынның» мол қоры бар екені айқындалғаннан кейін, бұл өлкеңің өндірістік, өнеркәсіптік әлеуетінің жоғарылығы ықпал еткенін бұл күнде екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Осы ойымызға айғақ ретінде, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақстанда жылына 15 миллион тонна мұнай өндірілген болса, соның 12 миллионы Маңғыстау түбегінен өндірілген болатын. Бұл жоғары жетістіктер, әрине, облыстың жалпы барлық салаларда жедел қарқынмен өсіп, дамуына үлкен әсер еткенін баса айтуға тиіспіз. Оның ішінде, облыстық соттың қалыптасып, даму деңгейінің сапалық көрсеткіші де бар. Құжаттық деректерге назар аударсақ, 1973 жылы 20 наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының Маңғышлақ облысын құру туралы жарлығы, іле-шала 23 наурызда Маңғышлақ облыстық сотын құру жайындағы жарлығы шыққандығын көреміз.

## Мәмбетовтің «шинелінен шыққандар»

Осының өзі жаңа ашылып жатқан облыста алғашқы кезекте облыстық сотты құрудың қаншалықты маңызы болғанын аңғартады. Әрі бұл облыстық соттың жоғары беделін танытатындай, облыстың құрылған күнімен атаулы мерекесі сәйкес келетін маңызды факт болып табылады. Сол жолғы жарлық бойынша, осы жылдың 11 мамыры-

ТАҒЫМ

Нұрсерік ШӘРІПОВ,  
Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі  
сот алқасының төрағасы:

ҚАСИЕТІҢНЕН  
АЙНАЛАЙЫҢ, МАҢҒЫСТАУ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ондағы сыйлас достарыммен әлі күнге дейін аралас-құраласпыз, пейілі кең, жүрегі жомарт тамаша азаматтардан хабар үзген жоқпын. Өзіңнің мықтылығыңды танытсаң, мәрттіңді көрсетсең, ел-жер, Отан деп соқса жүрегің, киелі Маңғыстаудың әр азаматы сыйлай да, сыйласа да білетініне сан рет көз жеткіздім, көңілім де әлдеқашан сенді.

Маңғыстау маған жақты, жолымды ашты, заңгерлік мақсатымның биік баспалдағына басқан құтты қадамым осынау өскен өңірден бастау алғанын әрдайым мақтан тұтамын және айтып та, жазып та жүремін. Себебі, 2012 жылы осы Маңғыстаудан Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы лауазымына тағайындалдым. Бұл мен үшін үлкен мәртебе, маған көрсетілген үлкен сенім, адал еңбек, маңдай терімнің ақталғаны еді!

Төрт жылдан астам уақыт еңбек еткенімде Маңғыстауға бауыр басып кетіппін. Қимастық сезім кетер кезімде байқалды. Маңғыстаудан басталған лауазым баспалдағы мені мамандығымның биік шыңына көтерді. Содан да мен осы әулиелі өлкені қатты қастерлеп, ерекше жақсы көріп кеттім.

Маңғыстау өңірінің қойны-қонышы тұнған тарих! «Өткенсіз бүгін жоқ» демекші, биылғы 23 наурызда қазіргі Маңғыстау облыстық сотының құрылғанына жарты ғасыр толады! Ата-бабамыздан «Елу жылда – ел жаңа» деген қанатты сөз қалған. Қазіргі 50 жылдық тойын Маңғыстау облыстық соты жаңарған Қазақстанда, әділетті мемлекет құру бағытын ұстанған жаңа бір кезеңде атап өткелі отыр. Кезінде өзім еңбек еткен облыстық соттың еліміздің сот жүйесінде өзіндік орны, даму жолы бар.

Бүгінгі мерейтойға үлкен жетістіктерімен жетіп отырған маңғыстаулық әріптестер тойларыңыз құтты болсын, той-тойға ұлассын! Барлық судьялар мен сот қызметкерлеріне зор денсаулық, отбастарына амандық, бақ-береке және қызметтеріне әркез сәттілік тілеймін!

Маңғыстау – мен үшін киелі мекен, қастерлі өңір. Қасиетіңнен айналайын, Маңғыстау!

ТІЛЕК

Сәкен АБДОЛЛА,  
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының төрағасы:

БІРЛІГІ БЕКЕМ ҰЖЫМНЫҢ ІСІ БЕРЕКЕЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осылайша маңызды шараны Маңғыстау облыстық сотының ынтымақты, берекелі ұжымы жоғары деңгейде ұйымдастырды. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» білген әріптестеріміз шетелдерден келген қонақтарға қазақы қонақжайлылықтың үлгісін ғана көрсетіп қоймай, жұмысты шебер ұйымдастыра білетіндерін нақты іспен дәлелдеді деп ойлаймын.

Төрағалық еткен төрт жылда қолымыз жеткен жетістік те, ұйымдастырылған шара да аз болмады. Мәселен, Маңғыстау облыстық соты республика бойынша ұйымдастырылатын спартакиаданың да орталығына айналды. Жалпы, Судьялар одағының жетекшілігімен қолға алынған бұл жарыстың мәні де, маңызы да зор. Өйткені, спартакиада – судьялар мен сот қызметкерлерін төрелік алаңынан тыс табыстыратын, әріптестік байланысын нығайтатын, бірлігін арттыратын, сонымен бірге, спорттық қабілет-қарымын шыңдайтын сайыс. Мұндай жақсы, сауапты істі үзбей жалғастырып келе жатқанымыз да сондықтан. Республика судьялары мен сот қызметкерлерінің аймақтық сайыстарында топ жарған дүлдүлдер сол жылы Ақтауға табан тіреп, доданың көркін қыздырғаны есімізде.

Жалпы, төраға болу – төрде отыру емес. Төраға айналасындағылардың пікірін тыңдап, көпшілікпен санасқанда, ортақ тіл табысқанда ғана жұмыс өнімді болады. Айталық біздің сот 2009

жылы республика бойынша ең үздік сот болып танылды. Осы жылы Маңғыстау облысындағы соттардың ешбір үкімі жоғары сатыда бұзылмапты. Ал қылмыстық істерге үкім шығарудың қаншалықты күрделі, қаншалықты қиын екенін бәріміз білеміз. Бір жылда шығарылған үкімдердің ешбірінің өзгертілмеуі, бұзылмай қолданысқа енуі ұжымның сапаға жұмыс істегенін көрсетсе керек.

Бәрімізге заң ортақ, талап бір. Дегенмен, аймақтағы жағдайға байланысты заңға сүйене отырып шешім қабылдайтын кездер де болады. Мәселен сол жылдары Маңғыстау өңірінде жол апаттары өте көп болды. Жол апатынан көз жұмған, жарымжан болып қалған азаматтардың тағдыры ешкімді де бейжай қалдырмады. Ең сорақысы, апаттың көпшілігіне көлікке ішімізді ішіп отырған жүргізушілер кінәлі болатын. Бейбіт, тыныш заманда қара жолдағы қайғының көбеюі кім-кімге де оңай тимесі белгілі. Ақыры судьялармен ақылдаса келе жүгенсіз жүргізушілерге жеңіл жазаны қолданбау туралы шешім қабылданды. Ол кездегі заң талабы бойынша мас күйінде рөлге отырғандарға альтернативті жаза ретінде айыппұл салуға да болатын. Ал облыс соттары мұндай жауапсыз жандарды жүргізуші куәлігінен айыруды қолға алды. Соның нәтижесінде көлікке мас күйінде отыратындар, жол апатын тудыратындар күрт азайды. Бұл да ұжымдық жұмыстың көрінісі.

Маңғыстау облысының соттары ұлттық салт-дәстүрді насихаттауда да алда

тұр. Көрісу рәсімінен басталатын Наурыз мейрамы осы өңірде тамаша тағылыммен тойланады. Мұндай маңызды шараның жоғары деңгейде өтуіне соттар да үлкен үлес қосып келеді.

«Ағадан – ақыл, ініден – ізет», «Жақсы аға – орман, жақсы іні – қорған» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, сот саласының ісі ілгері басу үшін аға буын мен кейінгі буын арасындағы байланысты үзбеу маңызды. Осыны ескеріп біз Маңғыстау облыстық сотында ардагер-судьялармен кездесу ұйымдастыруды, дәрісін тыңдауды, кездесулер өткізуді әдемі үрдіске айналдырдық. Сот саласының дамуына үлесін қосқан, осы жолда аянбай еңбек еткен Керек Қабақов, Итемген Орынбаев, Бақтыбай Көшев, Валентина Ким, Қалия Ахмедова, Сәрсен Қауылтай, Мағрипа Оразбаева секілді ардагерлер бізге әрқашан өнеге.

Бұдан бөлек, сот ғимараттарының салынуы, сот жұмысына қатысты материалдық-техникалық мәселелердің оң шешілуі – дер кезінде қолға алынып отырғанын айта кеткеніміз жөн.

Міне, осындай бірлігі бекем ұжым биыл елу жылдық мерейтойын атап өткелі отыр екен. Осы жарты ғасырда Маңғыстау облыстық сотында еңбек еткен, сот жұмысының жандануына үлес қосқан барлық әріптестерімді мерейлі күнмен шын жүректен құттықтаймын. Заң үстемдігін нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауда алдыңғы шепте тұрған ұжымның алар асулары, бағындырар биіктері көп болғай!

АРДАГЕР

Нұрғожа ЧИНЯЕВ, Маңғыстау облыстық сотының  
2002–2007 жылдар аралығындағы төрағасы,  
сот жүйесінің ардагері

БИ ТҮЗЕЛМЕЙ,  
ЕЛ ТҮЗЕЛМЕЙДІ



Маңғыстау облыстық сотына төрағаның міндетін атқарушы болып 1995 жылы келдім. Әбден сыннан өтіп, 1996 жылы Президент жарлығымен төрағалыққа тағайындалдым. Осы сотта жеті

жыл қызмет атқардым. Ол уақыттың өзіндік қиындықтары жетерлік еді. Тәуелсіздіктің алғашқы бес жылдығы, еңсемізді тіктеп, болашағымыздың бағыт-бағдарын айқындап жатқан кезең. Біздің бар мақсатымыз егемен елімізде әділ сот билігін орнату болды.

Бабаларымыз «Би түзелмей, ел түзелмейді» дегенді бекер айтпаған. Бұл қағида бүгінгі, ертеңгі заманға да тән. Сондықтан, біз сот жұмысын жандандыруда күш-жігерімізді аямадық. Жоқтан-бар жасауға тырыстық. Тіпті, қалам-қағазға дейін өзіміз табуға тура келген кез-

дер болды. Облыстық соттың жұмысын материалдық тұрғыда көтеруге еліміздің дамуы мен тәуелсіздігіміздің нық бекуіне атсалысқан, ұлт жана-шырларының көмегі көп тиді. Олардың қатарында сол уақыттары облысты басқарған әкімдер, т.б. сала азаматтары болды.

Маңғыстау негізінен халқы көп, ірі өңір ғой. Жұртшылықтың көңілінен шығу оңай емес. Десек те, қазіргі күні еткен еңбек пен төккен тердің ақталғанына тәубе дейміз.

Биыл ел тәуелсіздігіне 32 жыл болса, Маңғыстау облыстық сотының жұмыс істегеніне жарты ғасыр толып отыр. Бұл тек осы аймақтың ғана емес, жалпы Қазақ елі үшін атаулы күн. Осынау мерейлі мерекелерімен әріптестерімді құттықтаймын. Еліміз тыныш, жұрттымыз аман болсын! Қазақстан соттарының әділдік айнасына айналуына шын жүректен тілектеспін.

Жақсылық АЛАНОВ, Маңғыстау облыстық сотының 2015–2018 жылдар аралығындағы төрағасы, сот жүйесінің ардагері

АҒАЛАРДЫҢ ІЗІН  
ЖАЛҒАУ - БІР БАҚЫТ

Маңғаз Маңғыстауды қай жағынан мақтасақта жарасады. Халық арасында «Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – қожа Ахмет, Маңғыстауда – пір Бекет», деген сөз бекер айтылмаса керек. Себебі, Маңғыстау облысы – қазба байлықпен қатар, рухани байлыққа да бай өңір. Арада қанша жыл өтсе де ұлттық құндылығын жоғалтпаған, көнеңің көзіндей шежіресі, ерекше салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы қандай десеніңші?! Бұл «Адайдың жеті қайқысы» шыққан қасиетті өңір.

Саналы ғұмырымның көп бөлігі құқық қорғау және сот жүйесіне арналған болса, оның 4

жылы 50 жылды еңсерген Маңғыстау облыстық сотындағы төрағалық қызметпен тікелей жалғасып жатыр. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының заңның үстемдігін қамтамасыз ету жолындағы барлық бағытын сапалы орындап, өңірдегі сот залдарын енді тәжірибеге енген дыбыс-бейнежазба құрылғылармен қамтамасыз еттік. Сот жүйесі сатыларын оңтайландырып, бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот төрелігі жүйесіне көшуді жүзеге асыра білдік. Алқабилер соты қолданылатын салалар кеңейтілді. Сондай-ақ, ескі ғимаратта орналасқан облыстық соттың ғи-

маратын қаланың орталығына көшірдік. Ал, Ақтау қаласының №2 соты, экономикалық сот, қылмыстық істер жөніндегі сотты біртіндеп бір ғимаратқа көшіріп, түгелдей қажетті жиһаз, компьютерлермен қамтамасыз еттік. Бұл судьялар мен сот қызметкерлерінің сапалы әрі өнімді жұмыс істеуіне жол ашты. Жаңадан жұмысын бастаған Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотының қалыптасуына атсалыстық. Одан бөлек, медиацияның, яғни, бітімгершілік рәсімдерінің қанатын қатайтуға күш жұмсап, би-даналардың рухани мұрасын қайта жаңғырттық. Осы кезеңде



сот төрелігінің абыройын биіктету жолында «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ауызбіршілікте еңбек еттік. Судья деген атқа кір келтірмей, жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқара білген Маңғыстау облыстық сотының ұжымына ризашылығымыз білдіремін. Маңғыстаулық әріптестерімді 50 жылдық мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймын. Заңдылықты нығайту жолындағы істеріңіз берекелі болып, әрқашан абырой биігінен көрініңіздер!

БАҒДАР

Аманбек КАЛПАКОВ, Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы

ЦИФРЛАНДЫРУ – БӘСЕКЕГЕ  
ҚАБІЛЕТТІЛІК КЕПІЛІ



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «жоқтан бар жасау» қай салаға болмасын оңай тимегені анық. Дегенмен, елімізде құқықтық реформалардың жүйелі жүзеге асырылуы сот саласындағы дамудың көрсеткіші болып, санаулы уақыттың ішінде оң нәтижесін берді. Қазіргі таңда судьялардың материалдық және әлеуметтік қам-

сыздандырылуын жоғары дәрежеге көтеруге үнемі көңіл бөлініп, сот қызметкерлері арасындағы кадр жетіспеушілігі жойылып, соттардың материалдық жағдайы жақсарып, еңбекақы мәселесі шешілу үстінде.

8 қыркүйек 2022 жылы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) ҚР Сот әкімшілігі болып қайта құрылып, жаңа ереже қабылданды. Жоғарғы Соттың департаменті соттардың тәуелсіздігін нығайту және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында жаңа орталық мемлекеттік органға айналды. Осыған сәйкес, аумақтық бөлімшелердің де атауы өзгертілді.

Бүгінде сот төрелігі ашық, халыққа қолжетімді. Сот залдары аудио және бейнежазба құрылғыларымен толығымен жабдықталған. Атап айтсақ, Маңғыстау облысының

жергілікті соттары бойынша 46 сот отырысы залы аталған құрылғымен қамтамасыз етіліп, сот процестерінің жария өтуіне мүмкіндік берілді. Сондай-ақ, облыстық сотта баспасөз орталығы залы іске қосылған. Қажетті сот процестерін БАҚ өкілдері аталған залда отырып экраннан көру мүмкіндігіне ие. Одан өзге де сот жүйесі заманауи, электрондық технологиялармен толығуда. «Сот кабинеті», «Төрелік» сервисі арқылы жұмыс жасау халық пен

сот қызметкерлері үшін тиімді. «Сот кабинеті» арқылы сотқа жүгінуші азамат сотқа келмей-ақ, электронды түрде талап арыз, шағым, өтініш беріп, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, одан әрі сот құжатын бақылап отыруға мүмкіндік алды. Ал, «Е-сараптама» сервисі сот сараптамасы органдарының мүдделі мемлекеттік органдармен деректер алмасу бойынша ақпараттық өзара іс-қимылын жолға қойса, «Е-өтініш» арқылы өтініштердің бағытын авто-

матты түрде анықтап, өтініштерді қарау мерзімін қысқартуға, өтініш берушіні дер кезінде хабардар етуге жол ашты.

«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» – демекші, тәуелсіз сот жүйесінің абыройын асқақтатып, мәртебесін көтеру үшін аянбай ауызбіршілікте қызмет етіп жүрген ұстаздарымды, әріптестерімді, барша сот қызметкерлерін Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдық мерекесімен құттықтаймын!



## ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ, ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Маңғыстау аудандық халық сотының судьясы болып 1970 жылы желтоқсанда сайландым. Ауданда қызмет мекемесі, тұрғын үйлер жетіспейтін кез. Облыс орталығы Гурьев (Атырау) Маңғыстаудан мың шақырым алыста. Жол, көлік, телефон байланысы жоқ. Каспий теңізі мен Арал теңізінің арасын алып жатқан ұланғайыр аймақта бір судья, бір орындаушы, бір прокурор, бір тергеуші ғана жұмыс жасайтынбыз.

Бұл тұста Маңғыстау түбегінде өндіріс орындары ашылып, халық жан-жақтан көптеп келіп жатқан еді. Ақтаудан екі жерден уран кенін өндіретін екі жабық карьер жұмыс істей бастады. Жаңаөзен, Жетібай кен орындарынан мұнай ақтарылып, иелесі газы алау болып жататын. Осы кеніштерді игеру мақсатында «Мақат-Бейнеу», «Бейнеу-Қоңырат», «Бейнеу-Маңғышлақ» теміржолы, Опорный, Каркол, Бейнеу, Ақжігіт, Сай-өтес, Үстірт, Шетпе, Маңғышлақ темір жол станциялары мен бекеттерінің өндірістік, әлеуметтік құрылыстары бір мезгілде салына бастады. Оларға одақтың түкпір-түкпірінен келген маман жұмысшылармен қатар, табыс үшін келген бұрын сотталғандар, мекені белгісіз қаңғы-бастар, алименттен қашқандар, іздеудегі қылмыскерлер де өңірімізге келе бастады. Опорный, Сай-өтес, Шетпеден бір-бірден, Бейнеуден екі арнайы комендатура, яғни түрмеден шартпен босатылған, әрқайсысында 150-200 сотталғаны бар қалашықтар құрылды. Мұнай, газ, су айдайтын құбырлар, мұнай қыздыратын пештер, газ жинап айдайтын өндіріс орындары (газиромдар) салына бастады. Көптеген экспедициялар, колонналар, партиялар бірі келіп, бірі кетіп жатты.

Тұрғындар күн санап көбейгенімен, жалғыз судья қарайтын қылмыстық істер де, азаматтық даулар да, арыз-шағымдар да көп. Судья облыстық сотқа, Әділет министрлігіне, оның облыстық басқармасына және жергілікті билікке бағынышты болды. Міне осындай аласапыран кезеңде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 23 наурыз 1973 жылғы №1604 VIII Жарлығымен Маңғыстау өңірі Гурьев облысынан бөлініп жеке облыс болып құрылды. Оның құрамына Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалалары, Маңғыстау, Тұпқараған, Ералиев, Мұнайлы, Бейнеу аудандары кіретін болды.

Алғашқы төраға Мәмбетовпен кейінірек кездестім. Шақырту алған соң облыстық сотқа бардым. Мәмбетов салқындау аман-дасқаннан кейін түйе дауына қатысты істі алдыма қойып, «мынауың қалай?» деді.

«Мен судья болып сайланғанда көптен қаралмай жатқан, қарап шешу мерзімі өтіп кеткен қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерден, арыз-шағымдардан басқа өндірісте жатқанына 7-8 жыл болған 109 түйе дауын қабылдап алдым. Ауданның көлемін, бағусыз түйе жарықтықтың жүрісін білесіз ғой. Шақырту жетпейді. Жауапкерлердің көбі малшылар. Олар сотқа келмейді, даулы түйені де әкелмейді. Жауапкер малшылардың куәлерінің жұмыстары түгесілмейді, 99 түрлі сылтау айтады. Оларды аудан басшылары қолдайды. Әлі де қаралмай кейінге қалған 40-50 іс бар» – дедім.

Мәмбетов: «мына сенің айтып отырған дәлелдеріңді Жоғарғы Соттағылар түсінбейді. Қалай қылсаң да мына істеріңді тездетіп ретте» – деді. Бастығыммен таныстығым осылай басталды. Бастығымның ашып айтпағанымен, жағдайды түсінетіні, әріптестерін қолдайтыны белгілі болды. Мен риза болып, жігерленіп, қайраттанып, білім-тәжірибемді, ақыл-амалдарымды жұмылдырып әлгі бірнеше жылдан бері шешуін таппаған елуге жуық түйе дауын екі айда қарап шештім. Гурьев облысы кезіндегі қиыншылықтардан құтылып, сот өзінің заңды жүйесіне түсті. Судьяны марапаттаулар басталды.



Мәмбетов марқұм бойы ортадан төмен, мығым денелі, мінезі қорғасындай ауыр, ақылды, әділ, батыр адам болды. Маңғыстау облыстық сотын 1973–1995 жылдар аралығында 20 жыл басқарды. 1988–1990 жылдарда Маңғыстау облысы таратылып, Гурьев облысына қосылғанда ғана үзіліс болды. Ол кісінің батырлығы сол, талайлар бір жақты баға беріп, облыс басшылары қадағалауға алғанда Мәмбетов «Заң осылай» деп міз бақпайтын, жетекке ермейтін. Ақылдылығының дәлелі, бірде-бір судьяға мына істі былай шеш деп тапсырма бермейтін. Кейбір жас судьялар мына істі қалай шешсем дұрыс болады деп сұраса, менен несің сұрайсың, екеуміздің біліміміз бірдей, заңды басшылыққа ал дейтін. Жылдар өткен сайын Маңғыстау облысының халқының саны да, өндіріс көлемі де, облыстық соттың қызметкерлер саны да көбейді. Облыстық сотқа университет бітірген жастар көптеп қабылданды. Олар Мәмбетовтың тәлімімен жетіліп, білікті, адал, әділ заңгерлер ретінде Жоғарғы Сотқа судья болып тағайындалып абыройлы еңбек етті.

Суханова Назым Таңатарқызы көп жыл Жоғарғы Сотта алқаны басқарды. Тұрғын Беркалиев, Нұрлығайын Жолдасбаева, Галия Мақажанова Жоғарғы Соттың судьясы болып абыройлы іс атқарды. Қазақстанға белгілі заңгерлер Марат Нұрбеков, Ирак Елекеев, Қалия Ахмедова, Марат Сабырбаев, Додан Көшекбаев, Қалия Хайруллина, Мұқтар Есжанов, Тұрсын Қарғынбеков, Айдар Есжанов, Бақыт Кошев, Керек Қабақов секілді Қуанышбай ағаның шәкірттері жүрген жерінде ел құрметіне бөленді. Облыстық соттың екі білікті судьясы Дәмелі Джусупова, Галия Сәттікулова Талдықорған облыстық сотына судья болып, Нина Карась Москва қалалық сотына, Нина Ишенова Самара қаласына судья болып кетті.

Қуанышбай аға 1995 жылы құрметті демалысқа кетті. 2009 жылы қайтыс болып, Ақтөбе қаласында жерленді. 2010 жылы Қуанышбай ағаның өмірі мен еңбек жолындағы жетістіктері қамтылған «Замана Перзенті» деген кітап бір мың дана болып басылып таратылды. Ағаның жары Жамал Көңілімқошқызымен келісіп осындай естеліктерді топтастырып ағаның бір бөлмесін мұражай етсек деген ойымыз бар.

Менің де шәкірттерім облыстың соттарында судья, маман болып абыройлы еңбектер етуде. Бағытынан жаңылмай, мамандығының мақтанышына айналған шәкірттеріммен мақтанамын.

Қазір судьялардың қызмет етуіне барлық жағдай жасалған. Тек ынта мен жігер болса болғаны. Маңғыстау облыстық сотында еңбек еткен барша әріптестерімді елу жылдық мерейтойларымен құттықтаймын. Еңбектері жемісті болсын!

**Итемген ОРЫНБАЕВ,**  
**доғарыстағы судья**  
**ҚР Журналистер одағының мүшесі,**  
**Маңғыстау, Бейнеу ауданының,**  
**Жаңаөзен қаласының**  
**Құрметті азаматы**

## ТЕКТІЛІГІН ЖОҒАЛТПАҒАН ЖАН

Қазақ халқында ата-әже тәрбиесінің орны бөлек. Әсіресе, салт-дәстүрдің сыры мен сыны жоғалмаған Маңғыстауда тұнғыш баласынан туған алғашқы немерені үлкендер өз баласына теліп, ерекше махаббатпен өсірген. Сондай үлкендердің тәрбиесімен сусындап, атаның баласы болып, әженің бауырында өскен бақытты баланың бірі мен едім.



«Бала – қымбат, немере одан да ыстық» демекші, жасым 7-ге толғанша ата-әжемнің құшағында ұйықтап, «жекеменшік» баласы болдым. Барлық жылы-жұмсағын аузыма тосатын ата-әжеме аузымнан шыққан әр сөз «жазылмаған заңдай» еді. Кішкентай күнімде қайда барса да жанынан бір елі тастамайтын атаммен бірге жұмыс орнына жиі баратынмын.

Осы тұста тарих беттерін парақтасақ, атам Жұмабаев Әли 1980–1987 жылдар аралығында Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы болған жаны жайсаң азамат. Жастайынан әке мен шешеден бірдей жетім қалып, Форт-Шевченко, сонау Махачкала, Баку қалаларындағы балалар үйінде жетімдіктің дәмін әбден татқанымен, бойындағы тектілігін жоғалтпаған жан. Кейіннен 1943–1944 жылдары тылдағы майданға, Ирандағы Тегеран конференциясын қорғауға қатысып, жаралы болғанына қарамастан тағдыр тауқыметі оны сындыра алмады. Керісінше, бұл қиындықтардың барлығы атамның бойына күш беріп, жігерлендіре түскендей. Көпжылдық қазылық қызметтен құрметті демалысқа шыққаннан кейін де атам бірнеше жыл адвокаттық қызметтен қол үзбей, көптің алғысына бөлене білді. Бүгінде ел арасында сөзге шешен, ақынжанды атам туралы естелік әңгімелер көп-ақ. Соның біріне тоқталсам:

– Бірде қонақтықта бас ұстап отырып атам: «Мына қойдың сирағы қайда екен», депті үй иесіне. Бас қонақтың бас ұстап

отырып, сирақ сұрағанына таң қалған үй иесі:

– Ау, құрметті Әлеке, алдыңызда бас пен жамбас тұрғанда, сирақ сұрауыңыз қалай? – демеім.

Сонда атам: – Оның мәнісі бар, жетім өсіп, жасымда байдың қойын бағып, үнемі ашқұрсақ жүргенде жеген сирақтың құйқасының дәмі алпыстың асуына келсем де әлі аузымнан кетпейді. Бар болса, әкел сирақты, – деген екен.

Бірнеше жыл сот төрағасы болған атам менің судьялық қызметті таңдаудағы басты жол көрсетушім болды. Кішкентайымнан «қанаттыға қақтырмай,

тұмсықтыға шоқтырмай» ерекше мейіріммен өсірген атам «Көресіндер әлі, осы Серігім атымды шығарады, сот болады», – деп маған көп үміт артатын. Кейін мектеп бітіріп, «заңгер» мамандығына оқуға түскен кездегі оның қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір әттеген-айы, атам судья болғанды көре алмай дүниеден өтті. Сондықтан, судьялық қызметімді атадан немереге жалғасқан мамандық десем артық болмас.

Саналы ғұмырын сот саласына арнаған атамның гибратқа толы ғұмыр жолы менен өзге ескелең жас ұрпаққа да үлгі-өнеге бола бермек. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, әр жылдары судьялық, төрағалық қызмет етіп, әділдіктің туын бір сәтке құлатпаған атамнан алған тәлімім көп. Мен үшін атамның ісін лайықты жалғастырып, ақ пен қараның нүктесін әділ таразылап, «Әлидің немересі» деген атты абыроймен аркалап жүруден асқан жауапты іс жоқ деп білемін.

Маңғыстау облыстық сотының ұжымын 50 жылдық мерекелерімен құттықтаймын. Жұктелген міндетті абыроймен атқарып, әр бастамамыз берекелі болғай!

**Серік ЖҰМАБАЕВ,**  
**Маңғыстау облысы**  
**мамандандырылған**  
**әкімшілік сотының**  
**төрағасы**

## АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Бізді таныстырған да, табыстырған да мамандыққа деген махаббат, сол арманның жетегімен Гүлнар екеуміз Қарағанды университетінде кездестік. Алайда, бірден жоғары оқу орнына түсе алмай, мен әскери борышты атқарып, екеуміз де жұмыс жасап, 1981 жылы заң факультетінің студенті атандық. Іле-шала студенттерді оқу аудиториясына кірместен, «сельхозка» деп аталып кеткен жұмыстарға апару, яғни, студенттердің ауыл шаруашылық кәсіпорындарына егінді жинауға көмектесу науқаны басталды.

Біздің университет студенттеріне Теміртау қаласына жақын «Ростовка» совхозына, оның «Молодецкое» бөлімшесіне картоп жинауға көмектесу бұйырды. Гүлнар екеуміз оқу басталмастан бұрын сол жақта таныстық. Бұл таныстығымыздың соңы 1986 жылы шаңырақ көтеруімізге жалғасты. Мен жолдамалар Павлодар облыстық прокуратурасына бардым, Ал Гүлнар сол облыста ұсынылған әртүрлі жұмыстарды жүргізе білді. Кейіннен өзім аудан прокуратураның көмекшісімін, Гүлнар аудандық агро өндірістік бірлестігінің үш совхозының заңгер-консультанты, сосын Ертіс ауданын да қамтыған мемлекеттік нотариус қызметін атқарды.

1992 жылдың басында Маңғыстау облысы Ақтау қалалық прокуратураның көмекшісі қызметіне ауысатын болып, қазыналы түбек Маңғыстауға келдік. Облыс прокуратурасының бөлім бастығы Ә.Өлмамбетов мұрындық болып, облыс прокуратуры Қ.Тәліповтың кезінде облыс прокуратураның азаматтық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын, сот қаулыларын орындау өндірісін қадағалау жөнінде аға көмекшісі қызметіне ауыстым. Содан 1995 жылдың көктемінде облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрайымы А.Хаймович судья ретінде облыстық сотқа қызметке өтуге шақырып, пікірімді сұрады.

Судьялық қызметтің жауаптылығы сондай «қолдан келе ме, жасай аламын ба» деген қорқынышым көп болды. 1998 жылы Ақтау қалалық сотына судья қызметіне тағайындалдым. Ол кезде бұл сотта өмірдегі ұстазым М.Сабырбаев төраға болатын. 2002 жылдың күзінде сот бөлініп, судьялардың бір бөлігі, ішінде мен де бармын, Ақтау қаласының №2 сотының судьясы болып қайта тағайындалдық.

Сол жылы облыстық соттың төрағасы М.Смағұлов судьяға емтихан тапсырғандарды қызметке шақырып жатқан болатын. Шаңырағымның шаттығы Гүлнарға «Бірге оқыдық, бірге жүрміз, қызметте де тең болайық, мен көрген қызметті сен де көр» деген ұсынысымды жеткіздім. Осылайша ол судьялыққа емтихан



тапсырып келіп, 2003 жылдың қаңтарында өзі сот хатшысы болып қызметін бастаған Ақтау қалалық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Бүгінде Гүлнар Байтұрова жиырма жыл бойы бір сотта абыроймен қызмет етіп, биыл зейнет жасына жетті. Яғни, 43 жыл бұрын табалдырығын аттаған соттан әне-міне құрметті демалысқа шыққалы отыр.

Өзіме келер болсақ, отбасымыздан бір судья болса да жетер деген оймен 2010 жылы сот саласында штат қысқартылғанда арыз беріп, қызметтен кеттім. Заң саласындағы қызметімді алғаш айыптау органында бастап, ортасында әділдікті «таразыға салып өлшейтін» сотта жасап, енді қорғаушы ретінде адвокат болып қызмет атқарып жүрмін.

Біреу «бес жыл сенің соңыңда жүрдім, енді сен де менің соңымда жүр», – деп, дипломын жіпке байлап сүйреп жүр екен дейді. Бізді біліммен сусындатқан Қарағанды университетіне ризамыз. Алайда, біз қызметпен қатар, отбасының да шаттығын бір сәтке ұмытқан жоқпыз. «Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді» тербете білген Гүлнар екеуміздің Павлодарда Нұргүл, Лаура атты екі қызымыз, Ақтауда Рауан атты ұлымыз дүниеге келді. Лаура мен Рауанымыз ата-ана жолын жалғап, заң саласында оқып, қызмет етуді қалады.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», – деп Абай атамыз айтпақшы, «өмір» атты алып кемемен өз орнымызды тауып, әділдіктің жолында аянбай қызмет етіп, сот төрелігін жүзеге асыруға үлес қоса білдік. Осы аралықта қызметтес болған барлық әріптестерімізді, ұстаздарымызды Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдық мерекесімен құттықтаймыз.

**Дүйсенбек КЕРИМШЕЕВ,**  
**Түркістан облыстық адвокаттар**  
**алқасының мүшесі**



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оларды ғимараттың талапқа сай келмеуі, үстел-орындықтың жетіспеуі, көлікті былай қойғанда қағаз-қаламның жоқтығы жасыта алған жоқ. Сеніп тапсырылған істі мінсіз атқару үшін керек-жарақты өз қалталарынан алып, жұмысты кедергісіз жүргізуге барын салды. Осы әрекеттерімен де олар көпке үлгі. Ал қазір жағдай мүлде бөлек. Кешегі сот пен бүгінгі соттың жағдайы жер мен көктей. Қазіргі таңда елімізде мамандандырылған соттар құрылып, сот актілерінің сапасы артты. Бүгінгі таңда заманға сай жаңғырған сот жүйесінде судьялар мен сот қызметкерлерінің сапалы жұмыс жасауы үшін барлық жағдай жасалған. Судьялардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да айрықша көңіл бөлініп, соттар материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді.

Маңғыстау облыстық сотының құрамында 5 аудандық сот, 3 қалалық сот, Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соты, тергеу соты, экономикалық сот, көмекшілік сот, қылмыстық істер жөніндегі сот жұмыс жасайды. 2021 жылы Маңғыстау облысының мамандандырылған әкімшілік соты ашылып, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды қарауда. Қазіргі таңда мұнда жетпіске жуық судья, екі жүзден аса маман мен

Соты республика соттары арасында 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Мемлекеттік тілдегі ең үздік сот отырысы» конкурсын өткізген болатын. Нәтижесінде, конкурс комиссиясы барлық талаптарды қатаң сақтай отырып, жоғары мүмкіндікті пайдаланып, тіл тазалығына көлеңке түсірмей сот отырыстарын өткізген Маңғыстау облыстық сотын 1-орынға лайық деп тапқан.

Республика судьялары арасында спорт, дене шынықтыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Батыс



Бек ӘМЕТОВ, Маңғыстау облыстық сотының төрағасы:

# ОБЛЫСТЫҚ СОТ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

аймақтық спартакиадасы өткізіліп тұрады. Бұл спорттық жарыстарда да Маңғыстау облыстық соты үздіктер қатарында.

Ал, енді жұмыстағы жетістіктерге келетін болсақ, «2023 жылды Маңғыстау облысының судьялары үшін сапа жылы» деп жарияладық. Өткен жыл қорытындысымен татуласу рәсімі бойынша біздің сот республика көлемінде 2-орында. 2022 жылы

өңірде қылмыстық және азаматтық істер азайған. Есепті кезеңде 1757 тұлғаға қатысты 1525 қылмыстық іс аяқталған (2021 ж. – 1999 тұлғаға қатысты 1752 қылмыстық іс қаралған). Сондай-ақ, өңірде 10 тұлғаға қатысты ақтау үкімі шығарылған. 2022 жылы 11632 тұлғаға қатысты 11626 әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер аяқталған (2021 ж. – 10706 тұлғаға қатысты 10700), яғни, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер саны 926-ға көбейген. Сондай-ақ, 12507 азаматтық іс аяқталған (2021 ж. – 13233). Өткен жылы Маңғыстау облысының соттарына барлығы 784 әкімшілік талап қою түскен (МАӘС – 745, жалпы соттарға – 39), оның ішінде, сот орындаушылар әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту, салық, жер, мемлекеттік сатып алу санатындағы даулар бойынша талап қоюлар басым.

Өңір соттарында цифрландыруды дамытып, сондай-ақ, талап қоюларды қазақ тілінде жолдау туралы мемлекеттік органдарға арнайы хат жазылып, тіл мәртебесін көтеруді қолға алдық. Нәтижесінде, өңір соттарындағы мемлекеттік тіл мәселесі шешімін тауып, кіріс-шығыс құжат-

талдағы болды. Осы сотта бірталай әріптес-замандастарым қызметін бастап, алды Жоғарғы Сотта жемісті жұмыс жасап жүргенінің күәсі болдық. Олардың қатарында 1994–2008 жылдары Жоғарғы Соттың судьясы Назым Суханова, Жоғарғы Соттың судьясы, ҚР Жоғарғы Кеңесі Парламенті Сенатаның депутаты болған Нұрлығайым Жолдасбаева, 1998–2000 жылдар аралығында Жоғарғы Сот судьясы болған Тұрғын Беркалиева, Парламент Мәжілісінің депутаты, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Ирак Елекеев, ҚР Әділет министрінің бірінші орынбасары болған Марат Нұрбеков бар. Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың қазіргі судьялары Қамбар Нұршев, Досжан Әміров, Марғұлан Бектұрғанов, Нұрсерік Шәріпов, Сәкен Абдолланың да қасиетті Маңғыстау қанатын қатты.

**– Облыстық сот пен ардагер-судьялар арасындағы байланыс үзілмеген болар?**

– «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» демекші үлкенін төрге оздырып, сый-құрметін аямаған, ардагерін ардақтап, қариясын құрметтеген халықтың ұрпағымыз. Осы орайда, саналы ғұмырын сот жүйесіне арнап, әділ төрелігімен халқына үлгі болған ардагерлер есімін ерекше құрметпен айтып өту парызы деп білемін. Қай заманда да халық шырылдап шындық пен әділдік іздеп келетін сотта қызмет істеу оңайға соқпаған. Маңғыстау облыстық сотының өсіп-өркендеуі жолында бір кісідей қызмет еткен Итемген Орынбаев, Керек Қабаков, Сәрсен Қауылтай, Қалия Ахмедова, Марипа Оразбаева, Марат Сабырбаев, Шаншарбек Орынбаев, Хамида Қаженова, Гүлжиған Мырзағұлова, Бекзат Шоқанова сынды ардагер судьяларымыздың орны бөлек. Маңғыстау облыстық соты тарапынан өткізілетін әрбір іс-шараның көркі осы ардагерлеріміз десем артық болмас.

**– Алдағы жоспарларға тоқталсақ...**

– Замана ағымы адамдардың құқығы мен бостандығын қорғап, сот төрелігін іске асыруда алдымызға жаңа міндеттер жүктеп, тың талаптар қоя беретіні анық. Басты мақсат – халықтың сотқа деген сенімін ақтап, әділ сот билігінің салтанат құруына мүлтіксіз қызмет ету. Әкімшілік әділет институтының қолданысын кеңейту, аталған санаттағы істерді сапалы қарау, Медиация институтын дамыту, дауларды бітіммен аяқтау, Билер кеңесінің жұмысын жандандыру, сот актілерінің сапасын арттыру мәселелерінің күн тәртібінен түспесі анық. Қорыта айтсақ, біздің көздегеніміз – еліміздің сот төрелігін сапалы жүзеге асыру арқылы қоғамның сотқа деген сенімін, қолжетімділігін арттыру.

**– Өңгімеңізге рақмет! Облыстық сотта еңбек еткен барлық судьялар мен сот қызметкерлерін мерейлі мерекемен «Заң газетінің» атынан құттықтаймыз!**

Айнұр САТЫБАЛДЫ,  
«Заң газеті»

*Жаңа құрылған соттың жабдығын түгендеп, жағдайын жасау да оңай шарға емес. Сол тұста қызмет еткен әріптес аға-апаларымыз осындай сындарлы сәтте ешбір қиындыққа мойымай қызмет етті. Оларды ғимараттың талапқа сай келмеуі, үстел-орындықтың жетіспеуі, көлікті былай қойғанда қағаз-қаламның жоқтығын жасыта алған жоқ. Сеніп тапсырылған істі мінсіз атқару үшін керек-жарақты өз қалталарынан алып, жұмысты кедергісіз жүргізуге барын салды. Осы әрекеттерімен де олар көпке үлгі.*

қызметкер жұмыс істейді. Жарты ғасырдың еншісінде атқарылған келелі іс-шаралар, тағдыр тәлкегіне түскен талай жанның тағдырына қатысты үкім, шешімдер, құнды деректер мен мағыналы мәліметтер жатқаны анық.

**– Облыстық соттың бүгінгі нәтижелері қандай? Көрсеткіштер көңілден шығып отырма?**

– Құшағына 362 әулиені сыйғызып, бойына құт дарыған маңғаз Маңғыстауға келіп, абыройлы еңбек ету өміріміздің бір белесінде. Осынау қасиетті өңірде дала заңының құндылығы әлі де жойыла қоймаған десем қателеспеймін. Себебі, Маңғыстаудың үш биі атанған, аузы дуалы, сөзі көпке қадірлі Есен Ермембет, Жары Мәтжан, Иса атты би-шендердің сара жолы алдымызда сайрап, бүгінгінің зерделі заңдарымен үндесіп жатқандай.

Өткенге зер салсақ, ҚР Жоғарғы



ӨНЕГЕ

**Мен жұрттың балалары сияқты ғарышкер болуды, мұғалім болуды немесе тау-тас кезген геолог болуды армандаған жоқпын! Себебі, мен туылғанда-ақ үйде атамның «прокурор формасы», әкемнің фуражжасы ілініп тұратын.**

Көптеген тума-туыстарым, көкеміз, апаларымыз форма киетін, органда, мемлекеттік қызметте жұмыс жасайтын. Өулетіміздің қатып қалған қағидасы сияқты мен де әкемнің фуражжасын киіп алып, «милиция» боп ойнайтынмын! Соған қарағанда бала күнінен-ақ «милиция болам» деген арман басқа мамандықтарға орын бермеген болар!

Бірақ ҚазГУ-дің «құқықтаңу» мамандығын бітірген соң органға емес, бірден сот жүйесіне келдім. Себебі әулетімізде өмірінің соңғы жылдарын сот төрағасы боп өткізген атамның орны әрбірміз үшін ерекше еді.

Жоғарыда айтқанымдай, әкем мен туылған кезде, яғни 90-жылдары Жаңаөзен қалалық полиция басқармасында бөлім басшысы болып қызмет етті. Атам Қуантай Көшекбай-

ұлы Есмұрзаев С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Заң» факультетін 1965 жылы бітірген екен. Жас кезінде Орталық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланып, аудандық және қалалық халық Советінде депутат, облыстық партия конференциясының делегаты да болған. 1972–1975 жылдар аралығында Ақтөбе облысы, Ырғыз аудандық сотының төрағасы, 1975–1979 жылдар аралығында Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының прокуроры, 1979–1980 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық прокурорының көмекшісі, 1980–1987 жылдар аралығында Жаңаөзен қаласының прокуроры, 1987–1989 жылдар аралығында Бейнеу ауданының прокуроры қызметін атқарған. Ал, 1989–1996 жылдар аралығында Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы болған. Осы жауап-



ты қызмет, абыройлы еңбегімен атамыз бізге үлгі болды. Сот саласындағы жеті жыл – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, әрі алдыңғы буын аға-апаларымызға белгілі қиын кезең еді. Сот саласында заңдар базасы жоқ, бірінғай жүйе қалыптаспаған, мемлекеттік тілде қызмет көрсету кешеуілдеген, сот отырыстарын өткізетін ғимараттар ташы боп, көшпелі сот отырысын өткізіп жүретін кездер еді бұл. 90-жылдары экономика құлдырап, жұмыс та, айлық та, зейнетақы да болмай, жұрт қатты қиналғаны



тарихтан белгілі. Сол кезеңде қылмыс та күрт өсіп кеткен. Мұндай қиыншылықтарға тек Қазақстан емес, ТМД елдерінің барлығы тап болды. Алайда, қызмет басындағы әрбір азамат сол кезде ертеңгі күнге сеніммен қарап, мемлекеттің қолына қарамай, қиындықпен күресті. Аз уақыттың ішінде ел боп бірігіп еңбек етудің арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт те бақуатты дәуренге жетіп отыр! Олар Тәуелсіз Қазақстанның алғаш рет дүниеге келгеніне өркендетіп елдермен тең дәрежеде ынтымақтастығын,

халықаралық қарым-қатынасын, салмақты саясат пен әлемдік талап-тілекке сәйкес келетін халықаралық құқықтық нормалардың қажеттілігін өтеу жолында шет-шалғайларда жүріп үлес қосқан тұлғалар.

Дәл сол жылдары еліміздегі құқық саласын дамытуға баса мән беріліп, жақсарту жолында өзгерістер өте көп енгізілді. Сол кездегі еңбек еткен жандарға, олардың шыдамына, іскерлік қабілеттеріне тәнті боламын. Мемлекеттік қызмет саласында жүргендіктен, бұл жолдың алғашқылар үшін қаншалықты ауыр болғанын білемін. Атамның еңбек жолы біз үшін ерекше болатыны да сондықтан.

Атам төрағалық қызметтен кейін өмірінің соңына дейін адвокат болды. Заң мен құқық негіздерінің жілігін шағып, майын ішкен адам. Үнемі заңдағы өзгерістерді жатқа айтып отыратын.

Бүгінде атамыз Қуантай Көшекбайұлын көпшілік сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, сот төрелігін

жетілдіруде, оның абыройының аса түсуіне қосқан үлесі зор заңгер ретінде таниды. Ол қызметте де абырой-беделдің биік шыңына жетсе, әулетін де адалдық пен әділдікке, тазалық пен тәртіпке тәрбиеледі. Әрбір ұрпағының көзі ашық, құқықтық жағынан сауатты әрі қабілетті болуы үшін білім берді, дұрыс бағыт-бағдар көрсетті. Тек өзінен туған ұл-қыздары емес, немерелері де заңгерлік жолды жалғастырып келеді.

Мемлекеттік қызметте, сот саласында жұмыс жасап жүргеніме 8 жылға таяп қалды. Бұл саладағылар қарапайым маман боп жұмыс жасайтын мені әрине тани бермейді. Бірақ сонау 90-жылдары сот төрағасы болған атам Қуантайды әлі күнге дейін сый-құрметпен еске алып отыратыны мен үшін үлкен абырой!

**Дінмұхаммед ҚУАНТАЕВ,**  
**Ақтау қалалық мамандандырылған тергеу сотының бас маманы**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

# ӘДІЛДІК - ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ

Осыдан түп-тура жарты ғасыр бұрын, анықтап айтсам 1973 жылы 20 наурызда бұрынғы Гурьев облысының құрамынан Маңғышлақ облысы бөлініп шықты. Бұл – республика өміріндегі үлкен тарихи оқиға болды. Міне, осы кезеңде өз қызметін бастаған Маңғыстау облыстық сотының құрылғанына да 50 жыл толып отыр. Осы мерейлі мерекемен барша әріптестерімді, сот саласында еңбек етіп жүрген кейінгі толқын ұл-қыздарымды шын жүректен құттықтап, бата-тілегімді арнаймын.

Бағзы заманнан бері қарай қай мемлекетте болмасын, адамзат өмірінде сот билігінің маңызы зор, жауапкершілігі ауыр. Өйткені, сот қоғамда әділдік деп аталатын аса қымбат құндылықты сақтайтын бірден бір қызмет. Ал қашанда әділетке жету жолы жеңіл болмаған. Адам тағдырын таразылауда, ақ пен қараны, жала мен жазаны, жақсылық пен қиянатты безбендеуде әріптестеріме сарқылмас күш-жігер, таза жүрек, сергектік пен сенімділік, кәсіби біліктілік тілеймін. Отбасында бақытты болыңыздар, бауыр бүтін, бас есен, Отанымыз тыныш болсын!

Бұл күнде сексен жастың сеңгіріне шыққан біз үшін өткен жылдар естеліктерге толы. Маңғыстау өңірінде сот саласының қалыптасуы үшін қал-қадірімізше азды-көпті қызмет арнадық. Саналы ғұмырымның 23 жылы осы сот қызметінде өтіпті. Жаңа облыстың құрамында Бейнеу ауданы да құрылған болатын. Менің сот жүйесіндегі аса жауапты қызметім, аудандық сот төрағасы болған ұзақ жылдарым осы ауданда өтті.

Біздің өмір жолымыз бүгінгі ұрпақтан мүлдем басқаша өрілді. Менің балалық шағым бүкіл адамзатқа қырғын әкелген, Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді. Соғыс басталардан бір жыл бұрын, 1940 жылы Маңғыстаудың қасиетті ойындағы Шебір ауылында дүниеге келіппін. Жасқа жаңа толған сәби кезімде әкем Құлшық майданға аттанған екен. Өкінішке қарай, әкемнің кескін-келбеті есімде жоқ. Сол кеткеннен 1943 жылы Сталинград түбінде қаза тауыпты. Соғыс кезіндегі қасірет-қайғысы қат-қабат ауыл тірлігі, шиедтей үш баламен жесір қалған Рауаш анама ауыр соққаны белгілі. Анамыз ер азаматтың орнында еңбек етіп, колхоздың малын бағып, пішен шауып, бейне-төке белшесінен батып, үш баласын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсіріп, жеткізді.

Соғыстан кейінгі ел жағдайының қиын кезінде өз қатарластарым сияқты интернатта жатып оқып, мектеп бітірдім. Бірден оқуға баруға жағдай жоқ, сол себепті ағам Таңаттың қасында қалып, көмекші шопан болып, екі жылдай қой бақтым. Сөйтіп жүргенде әскерге шақырту алып, Свердловск қаласында үш жыл әскерде болдым. Үш жыл шыңдалудан өтіп, әскерден оралған соң мамандық алуды мақсат



Керем ҚАБАҚОВ,  
Қазақстан сот жүйесінің ардагері,  
бірінші санаттағы судья, зейнеткер

етіп, 1963–1964 жылдары Гурьев қаласына барып, көлік жүргізуші, радист-оператор, кинемеханик дайындайтын курстарды оқып бітірдім. Маңғыстаудың ойындағы туған ауылыма оралып, кинемеханик болып жұмыс жасап жүрдім. Бірақ та тек кинемеханик болып қалуды жөн көрмедім. Әділдікке құштарлықпен заң саласында қызмет етсем деп Алматыдағы КазГУ-дің заң факультетіне оқуға түсуге талап қылдым.

Сол жылдарда Маңғыстаудың ойынан Алматыға жетудің өзі қиынның қиыны болатын. Бірінші жылы сынақтан сүріндім, бірақ алған мақсатымнан қайтпадым. Келесі жылы тағы барлық сынақты тапсырып тұрып, конкурстан өте алмадым. Бірақ қолды бір сілтеп, бұйырғаны осы болды деп, кинемеханик болып жүре беруді қош көрмедім. Мақсатыма жетуге бар күш-жігерімді жұмсап, үшінші жылы тағы Алматыға барып, ҚазГУ-дің юрфагіне оқуға құжат тапсырдым. Ақыры жылдар бойғы дайындығым мен мақсат-талабым өз нәтижесін беріп, студент болдым. Сөйтіп, заңгер мамандығы бойынша білім алып, 1973 жылы Маңғыстау аудандық ішкі істер бөлімінде тергеушілік қызметімді бастадым. Одан кейін аудандық атқару кеңесінде нұсқаушы, аудан прокурорының тергеушісі, прокурор көмекшісі қызметтерін атқардым. 1982 жылы Маңғыстау аудандық халық судьясына сайланып, бес жылдан соң Бейнеу ауданына қызметке ауысып, алғашында судья, сосын Бейнеу аудандық сотының төрағасы болдым.

Сот болып қызмет істеу, қылмыстық іс бойынша үкім шығару өте қиын, аса жауапкершілік екені

белгілі. Осы орайда сот қызметін бастаған жастарға айтарым: адам ана құрсағынан бәрін біліп тумайды, әр дағды өмірлік ұстаныммен ұшталып, тәжірибе терумен келеді. Қай мамандық иесі де өзін-өзі дәмтумен, ізденумен жетіледі. Мен де алғашқы істерді қараған кезде қиналдым. Милицияда, прокуратурада қызмет етіп, сот істеріне қатысқаным судьялық жұмыстың бағытын түсініп, меңгеріп кетуге көп көмек болды. Әрбір өмірлік тәжірибе, тіпті, ауылда өскенім, қой баққаным, малдың түсі мен жасын айыра білгенім – бұрынғы кезде көп кездесетін мал даулары жөнінде қараған істерді шешуге пайдасын тигізді. Тіршілікте ақ пен қараның астарын тани білуге өмірлік тәжірибе көмектеседі, сонымен қатар, заңды басшылыққа алып мәселе шешу де бар. Көлік жүргізуші мамандығын оқығаным, техника жайлы білгенім жол транспорт оқиғалары мен өзге де техникаға қатысты қылмыстық істерді шешуде кәдеге асты. Жоғары оқу орнын бітіре сала судья болғандар қалайша бәрін меңгеріп кетеді, үкім шығаруға қаншалықты қабілетті

*Тіпті ата-бабамыздың салты бойынша малды ер адам бағатынын саралап үкімде көрсете келе, заңға қайшы болса да әйел адамға жеңіл жаза беріп жібердім. Әрине, бұған прокурор келіспеді. Бұл іс шулы іс болды. Облыстық сот төрағасы Мәмбетов те, облыстың басқа судьялары да, істің заңға қайшы екенін айтып, бұзылуға жататындығын көрсетті. Өзім де сотталушыға жеңіл жаза берілгені үшін істі бұзатын шығар деп қорқып жүрдім. Бірақ осындай шулы болған істі сот алқасы бұзбай, сол күйінде қалдырды.*

Ұмытпасам, сот алқасы үкімде көрсетілген мән-жайларды дәлелді, ескеруге жатады деген негізбен бұзбаған. Бұл істі бұзбауға Мәмбетовтың ықпалының әсері болды деп ойладым. Мәмбетов пен көпшілік судьялар менің үкімге келтірген дәлелдерім тура дәлелдер болмаса да, өмір шыңдығына сай екенін ескеріп, негізге алғандарын айтты. Осыдан кейін Мәмбетовтің де, облыстың сот судьяларының да маған деген көзқарасы мен сенімі өзгере бастады. Тіпті, өзіме өзім сеніммен қарайтын

қарап шешу жөнінде қаулы шығаратынымды ескертіп, кодекстен сол бапты оқып бердім де, істі жүргізе бердім. Олар бір-біріне қарады да, бірден жөндеріне көшті.

Сол алғашқы жылдарда жасы зейнеткерлікке жақындаған белгілі бір шопанның ісі түсті. «Көмекші шопан болып жұмыс жасайтын әйелі екеуі мал басына көп шығын келтірген, жалған есеп беріп келген, әйел міндетті жұмысын атқарып, мал бағуға қатыспаса да ұзақ уақыт айлық алып келіп, мемлекетке көп мөлшерде зая келтірген» – деп екеуін де ауыр қылмыс жасады деп айыптаған.

Іс тұтастай алғанда дәлелденіп тұрды. Әйел адам шынында да мал бағуға араласпанын, тек анда-санда қағаздарға қол қойғанын, қандай нақты міндеттерінің болғанын да түсінбейтінін айтты. Адамгершілік тұрғысынан алғанда әйелді аядым. Көп ойланып, қатты қиналдым. Маған, әсіресе, мал бағуға тікелей әйел адамның көп араласпайтыны және жыл сайын басшылардың ықпалымен шопандардың алған төлді өсіріп көрсету жайлары өмірлік тәжірибемнен белгілі еді. Бірақ фактіден, заңның талабынан ауытқуға болмайтыны тағы бар.

Ойлана келе сотта әйел адамның жұмыс жасамағаны дәлелдене тұрса да, олар ерлі-зайыпты болса да, әр субъект тек өзінің әрекетіне ғана жауапты екенін, малды оның орнына балалары баққанын, жасының үлкейгенін, сауатының аздығын,

болдым. Судьялық қызметке қалыптасуыма сол кездегі облыстық соттың төрағасы Мәмбетовтың ықпалы күшті болды. Ол кісі бәрімізге ісімен де, сөзімен де үлгі болды. Содан болар судья болса тек осы кісідей болу керек деген пікірдемін. Ол кісінің орынды қоятын батыл талаптары, адалдығы, бірсөзділігі, қатені кешірмейтіндігі, ешкімді аламай әркімнің жұмысына беретін әділ бағасы, адамгершілік биік қасиеттері бізге өнеге, сабақ болып қалды.

Енді судья қандай болуы керек дегенге келсек, әркімнің Құдай берген мінезі бар. Содан кейін бәрі адамның алған тәрбиесіне, білімі мен өмірлік тәжірибесіне байланысты дер едім. Сонымен бірге жан-жаққа алаңдамай, тек жақсы судья болуға батыл бағытта кету үшін жақсы орта, Мәмбетов сияқты тәжірибелі, адал да әділ басшысы болғаны дұрыс деп санаймын. Судья да пенде, бәрін білуі мүмкін емес. Ең бірінші ол өзінің қатесінен үйренуі қажет, өзінің жіберген қателіктерін қайталамауға тырысуы қажет деп есептеймін.

2005 жылы зейнеткерлікке шыққан соң тоғыз жылдай адвокат болдым. Аллаға шүкір, ел-жұртымыз ықылас, құрметпен бөлендім. Еңбек жолымда «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Үш би» төс белгілерінің, бірнеше мерекелік медальдардың иегері болдым, ҚР Судьялар одағының «Құрметті мүшесі» атандым. Жоғарғы Соттың Алғыс хатымен, Судьялар одағының, ҚР Әділет министрінің Құрмет грамоталарымен, Маңғыстау облыстық атқару комитетінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталдым. Өзім ұзақ жылдар сот төрағасы болған Бейнеу ауданының «Құрметті азаматы» атағын иелендім.

Отбасым туралы айтсам, өмірде қандай жетістікке қол жеткізсем, соның бәрінде зайыбым Набаттың үлесі бар. Екеуіміз жеті бала тәрбиелеп өсірдік. Ер баланың екеуі мұнай саласының маманы. Қазір екеуі де өз кәсібі бойынша жұмыс жасайды. Үшінші балам – заңгер. Екі қызым мұғалім, біреуі мейірбике, соңғысы кәсіпкерлікпен айналысады. Бәрі де балалы-шағалы, отау құрған. Ал біз қара шаңырақта кенже ұлымызбен бірге Бейнеуде тұрамыз. Немерелер өсіп жатыр. Алла берген абыройынан айырмасын. Сөзімнің соңында айтарым: ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей «Шын мәнінде, сот жүйесі тиімді болса, қоғамда заң үстемдігі берік орнығады. Реформалар да табысты жүзеге асырылады. Түптеп келгенде, бұл азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді. Сондықтан сот жүйесін жаңғырту ісі жалғасын табады. Алдағы кезеңде реформаға қатысты маңызды міндеттерді шешуіміз керек. Бүкіл қоғам сот саласынан түбегейлі әрі жағымды өзгерістер күтіп отыр. Осы сенімді ақтау қажет». Сот жүйесіндегі игілікті табыстарға Маңғыстау облысының осы саладағы қызметкерлері қажырлы еңбегімен атсалысады деген сенімдемін. Әрбір әріптес ізбасарларыма абыройлы қызмет, өмірлеріне сәттілік тілеймін.

БЕЗБЕН

## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСУГЕ БОЛМАЙДЫ

Сот жүйесі – мемлекеттің демократиялық даму жолының негізін құрайтын маңызды тармақтың бірі. Сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы – азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа, билікке сенімін арттырудың кепілі.

Өзім осы салада 2005 жылдан бері қызмет етіп, сот процесі кезінде тәртіп пен тыныштықты сақталуын қамтамасыз етуге үлесімді қосып келемін. Кішкентай күнінен көшеде форма киген адамдарды көре қалсам «милиция», боламын дейтінмін. Ал, үйде аға-апаларымның бәрі мұнайшы. Үлкендер мамандық таңдағанда қателесуге болмайтынын жиі айтады. Себебі, мамандық таңдау – өміріміздің кірпішін өз қолымызбен тұрғызу ғой. Сондықтан, тағдырымыздың мамандыққа қатысты тармақтары дұрыс өрілуі үшін біздің қателесуге қақымыз жоқ.

Бала күнгі арманымды арқалап, 2000 жылы Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы университетке түсіп, «заңгер» мамандығын иелендім.

Оқуды аяқтай сала Ақтау қалалық сотында өндірістік тәжірибеден өттім. Аталған соттың сол кездердегі кеңсе меңгерушісі Мира Таймұратова қызметтегі жауапкершілігім мен тиянақтылығымды бағалап, сотқа жұмысқа орналасуға шақырды.

«Екі қолға бір күрек» демекші, дипломды енді қолға алған жас маман үшін бұл үлкен мүмкіндік әрі керемет тәжірибе еді. Осылайша алғашқы еңбек жолымды 2005 жылы Ақтау қалалық сотының мұрағатынан бастадым.

Өткенді зерделесек, Ақтау қалалық сотында жұмыс жасайтындардың басым көпшілігі әйелдер қауымы. Бүгінде сот ғимаратындағы нәзік жандылармен санаспай, том-том істерді көтеру, мұрағаттағы шаң басқан құжаттарды қажетті орынға жеткізу, керек кезде көлік жүргізу немесе сот ауласын тазалай салу үйреншікті жұмысыма айналғандай.

2006 жылдан бастап жұмысым сот приставы болумен жалғасты. Осы қызметте жүргеніме міне биыл 18 жыл. Өздеріңізге белгілі, 2011 жылы Жаңаөзен оқиғасы орын алып, сотта істер қарала бастады. 2012 жылы маман тапшылығына байланысты Ақтау қалалық

сотынан Жаңаөзен қалалық сотына іс-сапарға жіберіліп, тараптарға 2000-ға жуық сотқа шақыру қағазын таратқаным күні кешегідей көз алдымда. Сондай-ақ, Ақтау қалалық сотында тек қылмыстық істер қаралатындықтан, сот процесі барысында сотқа келушілердің бірінің жылап, бірінің құлап, енді бірінің бой бермей, сот отырыстарының өтуіне кедергі келтіріп жататыны жиі орын алады. Сондықтан, сот приставының жұмысы жоғары жауапкершілікті, сабырлықты, біліктілікті талап етеді. Әрине, мұндай кездерде ауырып қалғандарды қолтығынан демеп, тәртіп бұзғандарды заңның аясында сабырға шақырып аламыз.

Осы жылдар ішінде әріптестер арасындағы сыйластық пен жауапкершілікті сақтап, тапсырылған міндет пен жүктемені абыроймен атқаруға тырысып келемін. Алдағы уақытта жүрек түкпірімізде судья боламын деген арман-тілек те жоқ емес. Мұның жүзеге асуы болашақтың еншісінде.

Марк Твен «Адам өмірінде маңызды екі күн бар екен, бірінші – өмірге келген күнің, ал екінші – өмірге не үшін келгендіңді түсінген



күнің» деген екен. Сол айтпақшы, қызметімді мақтан тұта отырып, туралықтың нүктесі қойылып, әділдік айтыла беретін 50 жылдық тарихы бар қара шаңырақта қызметімді абыроймен жүзеге асыру басты парызым болып қала береді. Алғаш қызметке келген сәтте тәжірибемді шыңдаған барлық ұстаздарымды, әріптестерімді Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдық мерекесімен құттықтаймын.

Талғат ТҰМЫШЕВ,  
Ақтау қалалық сотының  
сот приставы

# ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚУАТЫ ҚАНДАЙ?

БҰҰ мәліметтері бойынша әзірленген Әлем экономикасының 2023 жылғы рейтингі бойынша жаһандық жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 85 804 390, 60 млн долларды құрады. Онда 207 елдің ішінде АҚШ (20 494 100, 00 млн доллар) көш бастап тұр.

Үздік үштіктегі Қытай (13 608 151,86 млн доллар), Жапония (4 970 915, 56 млн доллар) мемлекеттерінде ЖІӨ-дерінің көлемі арасында үлкен айырмашылық бар. Өзгелерде бұл аса жоғары емес. Оны алғашқы жетіліктегі Германия (3 996 759, 29 млн доллар), Ұлыбритания (2825207,95 млн доллар), Франция (2777535, 24 млн доллар), Үндістан (2 726 322,62 млн доллар) елдерінің ЖІӨ көлемінен де байқауға болады.

Қазақстан бұл рейтингте 170 538,87 млн доллармен 56-орын алды. Бұл көрсілес Ресей (11) мен Иранмен (28) салыстырғанда төмен болғанымен, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып тұр. Өйткені, Өзбекстан (50 499, 92 млн доллар) – 87, Әзірбайжан (46 939, 53 млн доллар) – 90, Түрікменстан (40761, 14 млн доллар) – 95, Қырғызстан (8 092,84 млн доллар) – 146, Тәжікстан (7 522,95 млн доллар) – 148 сатыдан табылып отыр. Яғни, Қазақстан ЖІӨ көлемі жағынан шекаралас елдер арасында Қытай (13 608 151,86 млн доллар), Ресей (1 657 553,77 млн доллар) және Ираннан (454 012,77 млн доллар) кейінгі 4-орында тұр. Ал Еуразиялық экономикалық одақта екінші орын алады. Әлем экономикасының рейтингінде өзге серік-



тес елдерден Беларусь (59 662,50 млн доллар) – 79, Армения (12 433,09 млн доллар) – 135 сатыдан орын тауып отыр. Осы арада әлем елдерінде ЖІӨ-нің көлемі Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк есептерінде әрқилы екенін де айта кеткен жөн шығар. Өйткені, біз атап өтіп отырған ұйымдардың есептеу жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Бұдан бөлек әрбір елдің жалпы ішкі өнімін онда тұратын халықтың санына шаққандағы көрсеткіштері де өзгеше.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## ТАРАТУ

3. «Иманжүсіп» балабақша-яслиі» ЖШС-і (БСН 170540022686) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жиделіарық ауылдық округі, Жиделіарық ауылы, көшесі Жамбыл Жаббаев, ғимарат 24

4. «Ұлжан Кредиттік серіктестігі» ЖШС-і (БСН 140640012766) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бестам ауылдық округі, Бестам ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 2 үй.

5. «ТазаЛайк» ЖШС ұйымы, БСН 200240008905, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, «Мирас» ықшамауданы, 95 үй. Тел.: 87017770272.

7. «SBS security» ЖШС, БСН 070240003856, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 030005, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Авиагородок, 40 үй, электронды пошта: uristsbgroup@mail.ru. Тел.: 87019282883.

9. Шиелі ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы №144 қаулысымен «Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 180140021318, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Исатай Әбдікәрімов көшесі, №11 үй.

15. ИНТО Университи Партнершипс (Эйжа) Лимитед Қазақстандағы өкілдігі, БСН 140942027548, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050051, Достық даңғылы, 188, 801-кеңсе.

19. «Сайраби» ЖШС, БСН 191040006484, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Р.Бағланова көшесі, № 169 үй, пошталық индекс 120400, тел.: 87022335231.

20. «O'Brandy» ЖШС, БСН 170240003718, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Новои көшесі, 164а үй, 2 пәтер. Тел.: +77771779219.

21. «ИнТехнос» ЖШС, БСН 100340012976, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Курчатова қаласы, Курчатова көшесі, 18/1, тел.: 87715473200.

22. «Optima Engineering» ЖШС, БСН 101040005112, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру

## 8. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы жұқпалы ауруының алдын алу іс-шаралары

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – аса қауіпті жұқпалы ауру. Инфекция тасмалдаушысы Иксодес тұқымдас кенелер болып табылады. Ауру дене температура-сының екі толқынды көтерілуімен, жалпы интоксикациямен және геморрагиялық синдроммен сипатталады. Ауру көбінесе маусымдық мезгілдерге байланысты, әсіресе, мамыр және тамыз айларында көп кездеседі. Ауру адам инфекция көзі болуы мүмкін, ауру адаммен қарым-қатынас кезінде қан арқылы жұғады.

Аурудың алдын алу үшін жануарларды, қора-жайлар мен үй-жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру, малдарды күтіп қарағанда және қырықым кезінде кенелердің шабуылынан сақтану

мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет.

Табиғатқа демалысқа шыққанда, кененің жабысқанын көрінетін ашық бір түсті киім кию, жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек, ұзын балақты шалбар кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды, бір-біріңіздің үстериңізді мұқият қарап отыру қажет. Кене шаққан немесе кенеман жанасқан жағдайларда міндетті түрде медициналық бақылауда болу қажет.

ҚҚГҚ ауруы тіркелген жағдайда, ауру ошақтарында филиалдардың дезинфекциялық бейіндегі мамандары қолдануға рұқсат етілген дезинфектанттармен қо-

рытынды дезинфекциялау жұмыстарын жүргізеді. Науқастың бөлілділерімен ластанған немесе ластануына күдікті заттар зарарсыздандыруға жатады. Қорытынды дезинфекциялауды жүргізу кезінде міндетті түрде науқастың киімдеріне және төсек-орнына камералық дезинфекциялау жүргізіледі.

**Т.МҰСА,  
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК  
«Түркістан облысы бойынша  
дезинфекция орталығы»  
филиалының Ордабасы ауданы  
дезинфекциялық  
секторының нұсқаушы-  
дезинфекторы**

жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050020, Медеу ауданы, б/с Қорғаушы, 16 үй.

23. «Рыскул» ЖШС, БСН 010240016292, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, Қалманбетұлы көшесі, 2 үй, тел.: +77754239961.

24. «Techtrust Investments» ЖШС, БСН 190340012239, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050020, Медеу ауданы, б/с «Қорғаушы», 16 үй.

## ӘРТҮРЛІ

2. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 1.03.2023 ж. ұйғарымымен «Алматыоблтяжстрой 1» ЖШС (БСН 001140002903) оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Достық көшесі, 20. Тел.: 87052648933.

6. «Макаби Мед» ЖШС, БСН 130240031151, «ВизаМед Плюс» ЖШС, БСН 04024000608, қосылу жолымен «Макаби Мед» ЖШС қайта ұйымдастыру рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42, 15/109 корпус, 418 кеңсе, тел.: +77785896403.

10. «Атырау-Жас отау» ЖШС, БСН 130140008361, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 060010, Атырау қаласы, «Нұрсыя» ықшам-ауданы, Т.Жұмағалиев көшесі, 21 үй, 2-кеңсе.

11. 15.04.2023 жылы сағат 10.00-де СҚО, Қызылжар ауданы, Желаяқ ауылы, Атамекен көшесі, 8 мекенжайында «Желаяқово» ЖШС қатысушыларының жиналысы болады. Күн тәртібінде: қа-

тысушылар құрамынан шығару және жер учаскелерінің орнын анықтау. Көрсетілген күні жиналыс өтпей қалған жағдайда, қайта жиналыс 22.04.2023 жылы сағат 10.00-де өткізіледі. Тел.: 87087062707.

12. «GNSS» ЖШС-нің (БСН 140340016183) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелердің, жеке азаматтардың өтініштері осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Мендікүл батыр көшесі, 78 үй.

14. Жетісу облысының әкімдігінің 2023 жылғы 9 ақпандағы №36 Қаулысы негізінде «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 940840000390) өзінің қайта ұйымдастыру арқылы «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған индустриялық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып аталатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 175.

17. Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына Қарағанды қаласы, «Восток-2» шағынауданы, 12 үй, 56 пәтер мекенжайында тұратын азамат А.Б. Умиралиевтен 1952 жылы 5 ақпанда туған Болат Құттыбайұлы Умиралиевті, Атырау облысының тумасы, ЖШН 52020530366, қайтыс болды деп жариялау туралы өтініш түсті. Болат Құттыбайұлы Умиралиевтің тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарды Қарағанды қаласы, Магнитогорская көшесі, 48, тел.: 8(7212) 311100, 87781823964, мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына хабарлауды сұраймыз.

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің № 226 «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту» туралы бұйрығына байланысты хаттама 01.07.2022 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Домофон қызметін көрсететін «Защита» компаниясы Алматы қаласының тұрғындарына 2023 жылдан бастап ай сайынғы төлемдерін 30 пайызға өсіргені туралы хабарлайды. Тел/құжаты 6004 N90004083, ИИН 748628302410, директоры Боранбаев Нұрғалы Тұрғаналиұлы.

Қазақстан республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары Жетісу облысының отставкадағы судьясы

**ТЕМІРБЕКОВ  
Бегали Мұхамедұлының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, тұма-туыстарына көңіл айтады.

Қазақстан республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары Орал қаласының мамандандырылған турге сотының төрағасы

**ГУБАШЕВ  
Нұрлан Ерболатұлының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, тұма-туыстарына көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73  
www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшин, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиббаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

